

Аль-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет: Философия және саясаттану

Кафедра: Педагогика және білім беру менеджменті

Мамандық: Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

Педагогиканы оқыту үрдісі мен ұстанымдары.

Орындаған: Жарылқап У.Р.

Қабылдаған: Молдасан Қ. Ш.

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім


2.1 Педагогиканы оқыту үрдісіне сипаттама

2.2 Педагогиканың негізгі ұстанымдары

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Педагогиканы оқыту процесі- болашақ мұғалімнің белсенді оқу-танымдық және практикалық әрекеттерінде мақсатты бағытталған педагогикалық үрдісті ұйымдастыру, кәсіби- педагогикалық мотивацияның қалыптасуына бағытталған, педагогикалық білімдердің жүйелілігін ұғыну, жалпыпедагогикалық іскерліктер мен дағдылары, педагогикалық қабілеттерді дамыту.



ОҚУ ҮРДІСІ ДЕГЕНІМІЗ- БІЛІМДІК МАҚСАТҚА
ЖЕТУДЕГІ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ БІРЛЕСКЕН ІС-
ӘРЕКЕТІНДЕГІ БЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ
НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.
ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕР ОҚУ
ҮРДІСІНЕ ТҮРЛІ- ТҮРЛІ АНЫҚТАМА БЕРГЕНІМЕНДЕ,
БӘРІНІҢ ТОҒЫСАР НЕГІЗІ- ОҚУШЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ҚАБИЛЕТІН ДАМЫТЫП,
БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРІП, ОҚУҒА ДЕГЕН ЫНТА
ЫҚЫЛАСЫН КӨТЕРУДЕГІ
ЫЖДАҒАТТЫЛЫҚҚА КЕЛІП САЯДЫ.

Білім берудің жалпы мақсаты тұрғысынан келгенде оқу үрдісінің атқаратын негізгі қызметі- білім беру, дамыту, тәрбиелеу, сонымен қатар оқуға деген ынта-ықыласты жебеп, оны ұйымдастыру. Әрине, мұның бәрі бірлікте қаралатын тұтас құбылыс, алайда білімдендірудің практикалық жолдарын, оқытуды жоспарлаудағы іс- әрекет жүйесін өз алдына қарастырған жөн деп саналады.

Оқыту үрдісіндегі білім берудің атқаратын қызметі оқушының білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, ғылым саласындағы заңдар мен теориялардың негіздерін меңгеру болып табылады. Сонда білім- оқушының ғылыми деректі, теорияны, ұғым- түсініктерді қабылдап, есіне сақтап ұғына білуі болса, білік алған білімін, меңгерген, танып- түсінген ұғымын өмір практикасында қолдана алу тәсілі, жолы болып шығады. Ал дағды- алған білім, білігін іс-әрекетке келтіру, ешбір бөгелместен автоматты түрде жүзеге асыру.

Оқыту үрдісіндегі тәрбие болса, оқушының меңгерген білім, білігі барысында оның сезімдік, танымдық көзқарас құндылықтары, тұлғалық болмыс бітімі, мінез- құлқының қалыптасуына ықпалды әсер ете білу. Оқушының оқу үрдісіндегі дамуы- шәкірттің болмыс бітімінің барлық жағынан жетілуі. Саралай айтқанда, тұлғаның психологиялық жағынан өркендеуіндегі ерік қасиеттері, сезімі, қабылдауы, түсінуі, эмоциялық әсерлену шеңбері, сонымен қатар танымдық түйсінуі, іскерлігінің өркендеуі тұрғысынан қаралады. Дамудың жүзеге асуындағы тиімділік- оқыту принциптеріне және оның әдістері мен тәсілдеріне тікелей байланысты екендігінде.

Оқыту принципі дегеніміз дидактикалық үрдісті жүзеге асыруда басшылыққа алынатын жетекші идея мен оны ұйымдастырудағы қағидалық ұстаным және тиісті деңгейлік мөлшерге қойылатын негізгі заңдылық талаптар. Бұл оқыту үрдісін реттеп, ереже белгілеп, деңгейін айқындауға ортақ жалпылама нұсқау арқылы сипатталады. Оқыту принципі қабылданған дидактикалық тұжырымдамаларға байланысты. Оқыту принциптері ілкі тарауда көрсетілген және осы саладағы оқулықтар мен оқу құралдарында жан- жақты сипатталған. Сондай-ақ орталыққа бағынған кеңестік кезеңдегі оқытып білім берудің бірыңғай жүйесі бойынша жазылған педагогикалық еңбектер мен ғылыми зерттеулерде оқыту принциптерінің қағидалары мен заңдары және оның бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтары әрбір саладан ашылған.

Педагогиканы оқыту үрдісінің ерекшеліктері:

Педагогиканы оқыту үрдісі жүйелі, жеке тұлғаның құрылымына бағытталған болу керек.

Педагогиканы оқыту үрдісінің нәтижелігіне жағдай жасайтын әдістемелік шарттардың байланысы және олардың жеке тұлғалық бағыттылығы «мен» ұстанымы мүмкіндіктеріндегі әр түрлі дидактикалық оқу факторларының ішкі құрылымымен оқушының жеке тұлғасымен байналысты болып келеді. Осы процесстердің байланысы оқу процесінің идеалды жүйелігіне себеп болады. М.М.Левиннің ойынша, реалды ағымдық оқу процесінде осы процесстердің корреляциясы дидактиканың әр түрлі деңгейдегі жалпылық әдістер және дифференциалданған педагогикалық әрекеттердің әсер етумен байланысы арқылы түсіндіріледі.

Педагогиканың негізгі ұстанымдары:

- Дамыта оқыту ұстанымы
- Ғылымилық ұстанымы
- Түсініктілік ұстанымы
- Көрнекілік ұстанымы
- Жүйелілік ұстанымы
- Бірізділік ұстанымы
- Жеке даралық ұстанымы
- Саналылық және белсенділік ұстанымы
- Беріктілік ұстанымы
- Теория мен тәжірибенің бірлігі ұстанымы

Дамыта оқыту ұстанымы

Дамыта оқытуды 1950 жылдық аяғынан бастап Л.В.Занков (1901-1977) және Д.Б. Эльконин (1904-1984) зерттей бастады. Дамыта оқыту оқушыны оқу пәндерін оқып үйренуден теориялық ойды дамытатын оқу іс-әрекетіне көшірді (Эльконин-Давыдов). Ол оқушыны жан-жақты дамыту міндетін қойды (Л В .Зенков) Осы міндетті шешу үшін білім мазмұнын түбірлі өзгерту мақсаты қойылған жоқ (Л.В.Занков).

Психологтар оқу процесіне оқушының іс-әрекетін енгізу керектігін, оның маңызын дәлелдеді. Дамыта оқыту арқылы оқушыға берілетін білім бұрынғыдай репродуктивтік жолмен емес, керісінше арнайы ұйымдастырылатын баланың жан-жақты "теориялық" іс-әрекеті арқылы берілетін болды.

Дамыта оқыту ұстанымының ерекшеліктері:

- теориялық білімнің жетекші рөлі. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу;
- оқушының ізденуі. Мұғалімнің өзінің түсіндіруі - дамудың қауіпті жауы;
- оқу процесін оқушылардың сезуі. Оқушы өзін оқу іс-әрекетінің субъектісімін деп сезінеді. Материал қайткенде есімде жақсы қалады, жаңа не нерсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді;
- барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу. Қабілетке қарай бөлуге жол берілмейді. Бала басқа балалармен ынтымақта дамиды.

Ғылымилық ұстанымы

Ғылыми таным дегеніміз - құбылыстың мәніне өту, сырттай суреттеумен шектелмей, оның ішкі құрылымын тану. Мысалы, ағаштың сыртқы түрінен оның ішкі құрылымын, көбеюін, зат алмасуын білу. Ғылымилық принципі оқушыларға ғылымда ашылған білімдерді меңгертуді талап етеді, сондықтан оқу жоспарлары мен бағдарламаларына ғылыми білімдер енгізіледі. Оларды меңгерту үшін пәнаралық байланыстарды қолдану керек.

Ғылымилық ұстанымының шарттары:

- педагогиканың, психологияның, озық тәжірибенің жетістіктерін қолданып оқыту. Педагогикалық еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыруға берілген нұсқауларды орындау;
- индуктивтік және дедуктивтік тәсілдерді қолдану;
- жаңа ұғымдарды жүйелі түрде қайталау;
- ғылыми таным әдістерін қолдану. Оқушыларды іздендіру, шығармашылық жұмыспен айналыстыру;
- жаңа ұғымдарды бір рет түсіндірумен шектелмеу;
- оқушыларды көрнекті ғалымдардық өмірі және қызметімен таныстыру;
- жаңа ғылыми терминологияны қолдану;
- оқушыларды ғылым жетістіктерімен таныстырып отыру;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- тәжірибе жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау;
- оқушының оқуында жаңалық ашуына, оған қуануына мүмкіндік беру;
- жалған сөйлемей.

Оқытудық бірізділігі және жүйелілігі.

Бұл принциптің ғылыми ережесі: оқушының білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнелену керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту процесі оқушылардың білімді меңгеруіне көмектеседі. Дағдыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін қисынды ойлау тәсілдерін талап ететін жұмыстар жүргізіледі. Әйтпесе дағды жойылады, оқушы дұрыс ойлай алмайды, дамуы нашарлайды.

Бірізділік және ғылымилық ұстанымдарының негізгі шарттары:

- оқушыларға білімді меңгерту үшін сызбаларды қолдану. Оқу материалын бөліктерге бөліп, оларды рет-ретімен түсіндіру;
- оқыту мазмұнындағы, тәсілдеріндегі жүйені бұзбау;
- пәнаралық байланыс тұрақты түрде қолдану;
- оқушылармен бірге тірек-конспектілерін, сызбасын жасап, білімді есте сақтауды жеңілдету;
- бұрынғы оқығандарды жиі қайталау;
- өткен материалдарды сабақтың басында, бекіту кезінде, жеке сұрақтарды түсіндіргеннен кейін қайталау;
- материалға ой-пікірлерді жасанды түрде енгізбеу;

Саналылық және белсенділік принципі.

Өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Білімді саналы меңгеруге оқу желісі, өз бетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқушының танымдық іс-әрекетін басқару, мұғалімнің әдіс-құралдары көмектеседі. Оқушының өзінің танымдық белсенділігі оқытуға аса қажет жағдай және оқу материалын терең және берік түсінуге орасан зор ықпал етеді.

Саналылық және белсенділік ұстанымдарының негізгі шарттары:

- жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттерін білу;
- түсінікті етіп оқыту;
- танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін қолдану;
- талдау, жинақтау, индукция, дедукция, салыстыру әдістерін қолдану;
- аналогияны жиі қолдану;
- бастауыш сыныпта оқытуды индукциядан бастау;
- оқушыларға әр сөздің, сөйлемнің, ұғымның мағынасын түсіндіру;
- оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйену;

Теория мен тәжірибенің байланысы ұстанымы.

Бұл принцип классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді.

Өмір және тәжірибе балаларға дұрыс бағыт береді, белсенді іс-әрекетке өзірлейді. Еңбек тәрбиесі жеке тұлғаны қалыптастырады.

Оқытудық өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысы-ның жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, оқыту нысандары мен әдістеріне, еңбекке және поли-техникалық әзірлікке берілген уақытқа, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Көрнекілік ұстанымы

Бұл ертеден қолданылып келе жатқан принцип. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы - көру мүшелері; Олар арқылы миға енетін ақпараттар оқушылардың есінде жақсы сақталады. Кейбір заттарды есте сақтау көрнекіліксіз мүмкін емес.

Көрнекілік түрлері:

Табиғи көрнекілік оқушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстыруды талап етеді.

Эксперименттік көрнекілік арқылы оқушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды.

Суретті көрнекіліктің мақсаты - нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, диапозитив, мылқау кинофильмдер).

Көлемді көрнекілік: макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, панорама.

Дыбыстық көрнекіліктер: күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар, т. б.

Символдық және графикалық көрнекілік: абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді. Олар: карта, жоспар, сызба, диаграмма.

Жанама көрнекілік жаңа бейнені бұрынғымен салыстырып, ол туралы түсінік қалыптастыру.

Оқушылар білімінің беріктігі.

Бұл принципте мына заңдылықтар бар: білім мазмұны және оқушылардың танымдық күштерін дамыту оқыту процесіндегі бір-бірімен өзара байланысты бөліктер; оқу материалын түсініп есте сақтау оның мазмұнына, оқушының материалмен жұмыс істеуіне, оқытуға, мұғалімге байланысты; білімнің беріктігіне оқытуды ұйымдастыру, оқыту түрлері мен әдістерінің алуан түрін қолдану, оқытатын уақыт әсер етеді. Оқушы есінде қалуға тиісті материалдарды таңдайды, сондықтан оның есінде оған пайдалы және қызықты білімдер ғана жақсы сақталады.

Түсініктілік принципі.

Бала өзінің ойлау қабілетіне, жинақтаған білімінің, іскерлігінің, ойлау тәсілдерінің көлеміне қарай түсінеді. Аталған принципті жүзеге асыру үшін өуелі оқай, белгілі, қарапайым материалдар, содан кейін қиын, бел-гісіз, күрделі оқу материалдары оқылады.

Шарттары:

- оқылатын материалдарды әрбір жас кезеңдеріне бөлу;
- баланың ақыл-ойы белгілі бір пәнді оқуға әзір болу керек екенін ұмытпау;
- баланың дайындығын, дамуын және мүмкіндігін ескере отырып оқыту. Балалардың өмір тәжірибесін, қызығушылықтарын, даму ерекшеліктерін зерттеу және ескеру;
- балаларды оқыту арқылы дамыту;
- мүмкіндіктері бірдей оқушыларды біріктіру;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев.
Педагогика. - Алматы, 2000. 213-220б.
2. Т.Сабьфов. Оқыту теориясының
негіздері. - Алматы, 1993. 21-36б.